



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2019 жылғы 25 шілдесі

№ 460

**Ақтөбе қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 284
«Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және
жинақталу нормаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 тіркелген), Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 77 «Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4275 тіркелген) қаулысына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 284 «Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4182 тіркелген, 2015 жылғы 3 ақпанда «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе келесі редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 тіркелген), Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 77 «Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде

№ 4275 тіркелген) қаулысына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:»**;

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген қосымшада:

қазақ тіліндегі шешімнің, реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«

3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,1
---	---	--------	-----

»;

қазақ тіліндегі шешімнің, реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«

6	Емханалар	1 келіп кету	0,17
---	-----------	--------------	------

»;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,35
---	---	--------------	------

»;

қазақ тіліндегі шешімнің, реттік нөмірі 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,65
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,49

»;

реттік нөмірі 14 және 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,75
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,75

»;

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын.

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6313 болып енгізілді

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрайымы**

А. Бекенова

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы**

С. Шынтасова

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 30.07.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6313 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - руководитель аппарата Манас Игнатұлы Ершеге, 25.07.2019 17:21:42, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - Секретарь маслихата Сулупан Панаевна Шинтасова, 25.07.2019 17:22:40, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - Председатель сессии Алмагуль Шубаевна Бекенова, 25.07.2019 17:23:37, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 29.07.2019 13:42:34, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6313 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 30.07.2019.